



**Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 маусымдағы № 379 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 4424 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) және 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ № 2 қосымшасына сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау қаласының Мәслихатының инфрақұрылым және тұрғын үй құрылысы саласы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (Қ. Джаумбаев).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXXXI сессиясының төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*А. Семғалиев  
Р. Джанглишев*

Атырау қаласы Мәслихатының 2019 жылғы "26" маусымдағы \_\_\_\_\_ сессиясының № 379 шешіміне 1 қосымша

**Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м3
1	Тұрмысқа жайлы тұрғын үйлер	1 тұрғын	1,02
2	Жайлы емес тұрғын үйлер	1 тұрғын	1,1
3	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,35
4	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,05
5	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,91
6	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,53
7	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,25

8	Емханалар	1 келіп кету	0,0082
9	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,25
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,18
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,42
12	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,0043
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,08
14	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
15	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	1,25
16	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,32
17	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,74
18	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,46
19	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,42
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,72
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,35
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,78
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,44
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,57
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,35
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,42
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,44
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,17
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,27
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,74
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,0047
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,56

Атырау қаласы Мәслихатының 2019 жылғы "26" маусымдағы № 379 шешіміне 2 қосымша

**Атырау қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	1м3 тариф (қосылған құн салығын қоса) (теңге)		
	Жинау және әкету	Көму	Барлығы
Занды тұлғалар (1м3)	963,54	412,94	1376,48
1 тұрғыннан ай сайынғы төленетін абоненттік төлем			
Жеке тұлғалар			
Жайлы үйлер иелері	81,90	35,10	117,00
Жайлы емес үйлер иелері	88,32	37,86	126,18